

**6D050600 - Экономика мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін Акишева Даңа Мұратбекқызының «Жаңғыру
жагдайында Шығыс Қазақстан облысының депрессивті аудандарының
инновациялық дамуының белсенділігін арттыру» тақырыбында
жазылған диссертациялық жұмысына ғылыми көзесшісінің**

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен (практика және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы. Тұрақты даму жагдайында аумақтың тенгерімді дамуына ерекше көніл болінеді. Регионалдық зерттеулерде колайсыз елді мекендердің жай-күйін зерттеудің ғылыми және практикалық маңызы бар. Осыған байланысты «депрессиялық аймақ», «елді мекендердің осалдығы» ұғымдарын тұжырымдамалық талдау зерттеу үшін маңызды параметрлерді анықтауга мүмкіндік береді. Депрессиялық аймақтардың экономикалық дамуы өте маңызды, ейткені егер аймақтың күйзеліске ұшыраган жағдайы тиісті турде жойылмаса, бұл аймақтың саралануға қауіп төндіреді. Демек, күйзеліске ұшыраган өнірлердегі өнірлік даму үдерістері мен инновацияларды жеделдету, ен алдымен, аймақ тұргындарының өмір сұру сапасын жақсартуға экеледі. *Диссертациялық зерттеудің мақсаты Шығыс Қазақстан облысының аудандарының депрессивтілігін бағалауды теориялық және әдістемелік негіздеу және жанғыру жағдайында оларда инновациялық дамуды белсендіру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.* Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін осы негізdemeler арттайты және оның негізгі мақсатын аныктайды.

Диссертацияларға қойылатын талаптар (ғылыми дәрежелер беру ережелері) шенберіндегі ғылыми нәтижелер. Зерттеу барысында алға қойылған мәселеге катысты теориялық әдіснамалық енбектері толықтанды және терең талданған. Бірқатар шетелдік және отандық ғалымдардың енбектеріне сүйене отырып, аймақтың депрессивті аудандарының инновациялық дамуының белсенділігін арттыру мәселелері және оларды жетілдіру жолдары зерттелген. Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы Шығыс Қазақстан облысының депрессивті аудандарының инновациялық белсенділігін арттыру бойынша басымдық бағыттарын калыптастырудан және оларды мейлінше жетілдіру жолдарын ұсынудан тұрады.

Осыған сәйкес, ізденуші зерттеу барысында маңызды ұсыныстар мен қорытындылар алуға кол жеткізген. Диссертациялық жұмыс ізденушінің өз бетінше жүргізген ғылыми зерттеуі мен тыңғылышты зерттеген нәтижелерінен тұрады. Ғылыми жұмыстың жаңалықтары қойылышп отырган

талаптарға сәйкес келеді. Ғылыми жұмыстың келесідей оң нәтижелерін атап ету қажет:

Нәтиже 1: проблемалық аймақтардағы өнеркәсіптік кешендерді дамытудың инновациялық әдістерін қолданудағы шет мемлекеттердің тәжірибесін егжей-тегжейлі талдау және жалпылау;

Нәтиже 2. «депрессивті аудан» үғымының авторлық түсініктемесін жасау;

Нәтиже 3. Шығыс Қазақстан облысының аудандарының инновациялық белсенділік деңгейін бағалау әдістемесі әзірленді және сынақтан өтті;

Нәтиже 4. облыстың депрессивті аудандарының инновациялық дамуының алғышарттары мен факторлары жүйеленді;

Нәтиже 5. Шығыс Қазақстан облысының аудандарын әлеуметтік-экономикалық және инновациялық даму деңгейі бойынша жіктелді;

Нәтиже 6. Шығыс Қазақстан облысының депрессивті аудандарының инновациялық дамуын белсендіруді қамтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстар әзірленді.

Іздешінің диссертацияда ұсынған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі өзінің ғылыми мәнділігімен, нақты алынған нәтижелерімен ерекшеленіп, жалпы диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалық дәрежесін айқындалап тұр.

Зерттеу жұмысында кол жеткізген ғылыми нәтижелердің, тұжырымдар мен қорытындылардың негізділігі мен шынайылығы келесідей дәлелденді:

- отандық және шетелдік ғалымдардың аймақтың депрессивті аудандарының инновациялық белсенділігін арттыру бойынша енбектері құрады;
- Қазақстан Республикасының Президентінің Жолдауы, Қазақстан Республикасының аймақтарды дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламаларының негізгі басымдылықтарына негізделді;
- зерттеу жұмысы экономикалық және статистикалық талдау, салыстыру, топтастыру, экономикалық математикалық тәсілдермен айқындалды;
- зерттеу жұмысының нәтижелерінің шетел және отандық баспаларда жариялануымен.

Диссертациялық зерттеуде кол жеткізілген ғылыми нәтижелер жеткілікті деңгейде жаңалық дәрежесіне ие болды.

- бірінші нәтиже жаңа, өйткені проблемалық аймақтардағы өнеркәсіптік кешендерді дамытудың инновациялық әдістерін қолданудағы шет мемлекеттердің тәжірибесін егжей-тегжейлі талдауды қажет етеді;
- екінші нәтиже жаңа, себебі осы уақытка дейінгі отандық ғалымдардың зерттеулерінде және статистикалық мәліметтерде «депрессивті аудан» үғымы кездеспейді. Ал автор «депрессивті аудан» үғымына авторлық түсініктемесін жасаған;

- үшінші нәтиже жаңа, автормен Шығыс Қазақстан облысының аудандарының инновациялық белсенділік деңгейін бағалау әдістемесі өзірленді және сынақтан өтті;
- төртінші нәтиже салыстырмалы жаңа, автормен зерттеу барысында облыстың депрессивті аудандарының инновациялық дамуының алғышарттары мен факторлары жүйеленді;
- бесінші нәтиже жаңа, автормен Шығыс Қазақстан облысының аудандарын әлеуметтік-экономикалық және инновациялық даму деңгейі бойынша жіктелді;
- алтыншы нәтиже жаңа, автормен Шығыс Қазақстан облысының депрессивті аудандарының инновациялық дамуын белсендіруді қамтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстар өзірленді.

Диссертациялық зерттеу жұмысының пәні мен зерттеу объектісі, тақырыптың мақсаттары мен міндеттері, алынған нәтижелер мен қорғауға шығаратын негізгі тұжырымдары арасындағы логикалық байланыс бір-біріне тәуелділікпен қалыптаскан.

Барлық ғылыми нәтижелер бойынша ашық баспада 12 ғылыми еңбек жарық көрді. Олардың ішінде: 1-і SCOPUS базасына енген шетелдік журналда; 4-і КР БжФМ білім саласындағы бақылау комитетімен ұсынған басылымдарда; 2-і РФ ЖАК ұсынған басылымдарда; 5-і халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларында, соның ішінде 1-і шетелдік ғылыми-практикалық конференцияларында жарық көрген.

Корыта келе, Акишева Дана Мұратбекқызының «6D050600 - Экономика» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысының ғылыми құндылығы жоғары әрі білікті зерттеу жұмысы болып табылады. Диссертацияның дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен тәжірибелі маңыздылығы жоғары деңгейде көлтірілген.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген таланттарына сай келеді, ал оның авторы Акишева Дана Мұратбекқызы «6D050600 - Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Ғылыми жетекші,
философия докторы (PhD),
қауымдастырылған профессор**

Ж.А.Абылқасимова



PhD, Ж.А.Абылқасимованаң колының тұпнұсқалығын растаймын	жолын растаймын	
Персоналды басқадағанда ҚАБ басыны		
• 05	04	2013 ж.